



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

АСТАНА
АЛМАТЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

1
ТОМ

ӘОЖ 911
КБЖ 26.82 я2
Қ 43

Жауапты редакторы
Ғарифолла Әнес,
филология ғылымдарының докторы

Қ 43 ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН. Бірінші том. – Алматы: «Арыс» баспасы,
2017. – 480 бет.

ISBN 978-601-291-370-5 (1-том)
ISBN 978-601-291369-9

«Қасиетті Қазақстан» энциклопедиясының бірінші томына Астана мен Алматы қалаларының және Ақмола мен Алматы облыстарының киелі жерлері, тарихи оқиғалар өткен қасиетті орындары, табиғи ландшафттың ерекше ескерткіштері және ұлттық құнды мәдени мұралары енгізілді.

Бұл жұмыс Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айтылған идеяларды іске асыру жолында атқарылып отыр.

ӘОЖ 911
КБЖ 26.82 я2

ISBN 978-601-291-370-5 (1-том)
ISBN 978-601-291369-9

© «Арыс» баспасы, 2017



ЭНЦИКЛОПЕДИЯ АВТОРЛАРЫ

Алпысбаев Т.	Дауытбекова М.	Қожаханова Қ.
Алпысбес М.	Дәуренбаев Е.	Қошым-Ноғай К.
Артықбаев Ж.	Деом Ж-М.	Мох Я.
Әбуев Қ.	Досымбаева А.	Прищипин Ю.
Әбіш М.	Дүкенбаев Н.	Рысбаева С.
Әнес Ғ.	Жайлыбаев Д.	Сала Р.
Байбосын С.	Жолдасбаев С.	Сагаева Б.
Байғонақов Д.	Иманжүсіп Р.	Сәбденова Г.
Бексейітов Ғ.	Қабулдинов З.	Сәркенова К.
Бисенов А.	Қайырбеков Ә.	Тихонов Н.
Бөкешев М.	Қартаева Т.	Шағырбаев М.

Кітапты «Арыс»
қорының (баспасының)
«Жаңа энциклопедиялар»
бөлімінің
жұмысшы тобы дайындады.

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

РАЙ КӨЛІ, қ. *Тұздықөл көлі.*

РАЙЫМБЕК БАТЫР ЕСКЕРТКІШІ – Алматы қаласынан 300 км жерде, Алматы-Нарынқол тас жолы бойындағы Сарыжаз ауылының оңтүстік-шығысындағы Мұратәлі төбе-



Райымбек батыр ескерткіші

сінде тарихи тұлғаға орнатылған. Сәулетшісі – Қ.Егізбаев. Ескерткіш 1996 жылы 15 қыркүйекте ашылған, қ. Алматы қаласы: *Райымбек батыр кесенесі.*

РАХАТ ПАЛЕОЛИТТІК ТҰРАҒЫ – археологиялық ескерткіш. Рахат ескерткіштері Еңбекшіқазақ ауданы, Рахат ауылдық округі, Оңтүстік Есік қорымдарынан 3 шақырым жердегі таулардың етегінде орналасқан. Ес-



Рахат жоғары палеолиттік тұрағы

керткіштің жалпы алып жатқан аумағы – 88,7 гектар.

1994 – 2005 жылдары біріккен қазақ-американ археологиялық экспедициясы (жетекшілері: К.Байпақов, Ф.П.Григорьев, К.Чанг) нәтижелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. 2015 жылы ҚазҰУ-дың «Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасы тарапынан Рахат ауылы маңындағы «Рахат» жоғарғы палеолиттік тұрағында, сақ-үйсін кезеңіне тән қоныс, тұрақтар мен қорғандарда үлкен археологиялық қазба жұмыстары жасалды. Зерттеу барысында мықты тас жабынды қабат пен қоршау шөгінділерінде ошақ іздері кездесті. Тас артефактілерінің көптігі осы ескерткішке жан-жақты зерттеу жүргізуге мүмкіндік берді. Қазба барысында көптеген



Қорғандардан табылған сүйек қалдықтары

керамика сынықтары мен сүйек қалдықтары шықты. Қазбаны одан әрі тереңдетіп қазу нәтижесінде түрлі мәдени қабаттардан ерте дәуірге тән артефактілер біршама көп мөлшерде шықты. Сол мәдени қабаттардан табылған артефактілерге қарап, қоныстың өз заманында шеберхана болғаны аңғарылады. Қазба нәтижесінде қоныстан түрлі үлгідегі 100-ге жуық керамика сынықтары мен сүйек қалдықтары шықты. Рахат елді мекенінде орналасқан ескерткіш, тұрақтар мен қоныстардан табылған материалдардың көпшілігі осы аймақтың тарихи тамыры тереңде екенін көрсетіп берді.

САБАГҮЙЕНІ ҚАДАҢДЫ

1
Д
Ж
А
К
Л
А
С
Т
К
Е
Е
1
Т
А
Е
С
Е
Л